

ТӨРТІНШІ ИНДУСТРИЯЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯ

Контекстуалды интеллект





Дәрістің мақсаты: коцептуалды интеллекттің маңыздылығы мен мәнін түсіндіру.

Негізгі идеялар:

1. Концептуалды интеллект дегеніміз не?
2. Өзгерістер;
3. Келешекке әсері;
4. Оған қалай дайын болу керек?
5. Сипаттау.

Төртінші индустриялық революция өзімен бірге апатты ахуалды ала келуі де мүмкін. Алайда алдымызға тартқан сол қиын амалдарды біз өз қолымызбен жасап алдық. Сондықтан қалыптасып келе жатқан жаңа жағдайға бейімделуді (оңтайлы дамуды да) талап ететін проблемаларды шешудің, өзгерістерді, ережелерді жүзеге асырудың оңтайлы тетігі біздің өз қолымызда.

Біз бүкіл парасатымыз бен ақыл-ойымызды, жүрегіміз бен жан-дүниемізді жұдырықтай жұмылдырып, саналы түрде ұжымдаса жұмыс жасаған жағдайда ғана осынау күрделі мәселелерді жүзеге асыра аламыз. Ырыққа көне бермейтін мұндай дизруптивті күштерді төмендегі төрт интеллект түрі негізінде әдіптеп, өзімізге ыңғайлап, заманға сай қолдану арқылы ғана ауыздықтауға болады деп ойлаймын. Олар:

Контекстуалды (ақыл) – білімімізді қалай байыптаймыз және қалай қолданамыз?

Эмоционалды (жүрек) – ойымыз бен сезімімізді қалай саралап, қалай бір арнаға тоғыстырамыз, өз-өзімізге және бір-бірімізге қалай қараймыз?

Рухтану (жан-дүние) – жағдайды жақсы жақтарға қарай өзгертіп, ортақ мүдде жолында әрекет ету үшін біз өз сезімімізді жеке және жалпы мақсаттарға, сенім мен басқа да игіліктерге қалай пайдаланамыз?

Физикалық (дене) – өзімізді өзгертуге және құрылымды барынша икемді етуге қажетті қуат күшін іске қосу үшін, алдымен, денсаулығымызды күтіп, өз жағдайымызды жақсартуға, сондай-ақ айналамыздағылардың да денсаулығы мен хал-жағдайының жақсаруына қалай қолғабыс тигіземіз?

Контекстуалды интеллект – бұл нақты жағдайдағы білім мен ақпараттың практикалық қолданылуы және «іскерлік сәттер мен операциялық оқиғаларды әртүрлі, өзгеретін және белгісіз жағдайларда тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін тәсілмен пайдалану мүмкіндігі» ретінде анықтауға болады. Контекстуалы әртүрлі нысандарда және оқиғамен, кез келген жағдайлармен байланысты болады.

Төртінші индустриалды революция технологиясының дамуы жеке жетістіктер ұғымын кеңінен реформалауда. Клаус Швабтың айтуынша, «салалар мен кәсіптер арасындағы шекаралар жасанды болып табылады және өздерінің зиянды сипаттарын көрсетіп келеді.

Контекстік интеллект туралы түсінік одан да көп өзгереді. Бұл технологияның жеделдетілуінің алгоритмдерін өзгертуге әкеледі.

Жақын болашақта технологиялық процестердің дамуын анықтайтын жеделдеткіштер:

1. Кәсіпорындар мен үкімет тұтынушылардың артынан қалмайтын болады.
2. Бұрын-соңды болмаған операциялық жетілдіру маңызды болады.
3. Реттеушілік және бәсекелестік қысым тұрақты өзгерістерге әкеледі.
4. Дарындыларды іздеу және пайдалану әмбебап және стратегиялық болады.

Ақпаратты өңдеуге кедергі келтіріп, білімнің өңделуін және ұйымға деректерді әрекетке жататын ақпаратқа айналдыруға мүмкіндік беру керек. Инновациялар мен қызметтерді трансформациялаудың жаңа мүмкіндіктері елеулі проблемаларға әкеліп соғады. Мысалы:

- басқару және шешім қабылдау үшін деректердің теңдессіз жарылысы;
- автоматтандырылған шешімдер қабылдау;
- датчиктердің қол жетімділігінің артуынан туындайтын желілердің, құрылғылардың және қосымшалардың күрделілігінің артуы.
- көптеген тараптардан және қызметтерді көрсетумен байланысты қосылулардан туындайтын, қауіпсіздікке қатысты тәуекелдер мен құпиялылықтың үлкен векторларының әсері.



Шешім қабылдау және күрделі тапсырмаларды қалай орындау керек? Динамикалық және белгісіз, әлемде күрделі және когнитивтік тапсырмаларды орындау үшін ұйымдардың ақпаратты өңдеу мүмкіндігі шектеріне жетуде. Дәстүрлі тәсілдер мен әдістер қанағаттанарлық емес.

Жұмысты қайта қарастыру

Жоғарыда айтылғандай, жұмыс қағидасы қатты өзгереді. Жұмыс жасаудың жаңа тәсілі жалпы бизнес мақсаттарын жүзеге асыру үшін, көптеген пәндерді біртұтас және мазмұнды контексте біріктіреді. Бұл барлық қатысушыларға кеңес беру, қарым-қатынас жасау, ынтымақтастыққа және үйлестіруге негіз береді.

Қандай әрекеттер қажет? Төртінші индустриалды революцияның болашақ көшбасшылары басқа адамдармен немесе құрылымдармен байланысты сақтау және дамыту мүмкіндігін байыппен қарастыру қажет.

Кешенді және ауысатын жағдайлар икемді және контекстік жауаптарды талап етеді. Көшбасшылық – бұл қарым-қатынас жасау және келісімді ынталандыру. Көшбасшылар айналасына адамдарды және проблемаларды тартады, олар төртінші өнеркәсіптік революция кезінде аз мөлшерде болмайды.

Шешімге қалай назар аудартуға болады? Болашақ көшбасшылардың алдында жүйені дамыту міндеті тұр, олар:

- Контекстуалды негіздемені сақтау;
- Нағыз білімді қамтамасыз ету;
- Іс жүзінде мақсатқа жету;
- Іс-әрекеттер циклын түсінуді жеделдету.

Контекстуалды интеллектіні дамытуға бел байлаған адам, алдымен, әртүрлі қауымдас-тықтардың өзіндік құндылықтарын жете түсініп алуы қажет.

Көшбасшылар өздерінің ұйымдастырушылық ұстанымдарын, сондай-ақ бұған дейін табан тіреп келген негізгі қағидаттары мен сүйексізді әдеттерін өзгертуге дайын екендіктерін көпшілікке көрсетуге тиісті. Бүгінде ауыздыққа бас бермес құбылыстар дүниені әлем тапырық қылып жатқанда, томаға-тұйық сана мен ескі көзқарастар шеңберінде қалу – болашағыңның тамырына балта шабумен бірдей. Сондықтан философ Исай Берлиннің 1953 жылы жазушылар мен ойшылдарға арнап жазған эсселеріндегі екіге бөліну (дихотомия) тұжырымына сәйкес, тікелей кірпі болғанша бұлаңдаған түлкі болған артық. Қазіргідей күрделі де аумалы-төкпелі жағдайда жұмыс жасау үшін, көз алдындағысынан басқаны көрмейтін ебедейсіз кірпінің емес, түлкінің икемділігі мен айлакерлігінен үйренгеніміз дұрыс. Бұл дегеніңіз, көшбасшылар әрқайсысы өз-өзімен өмір сүрмей, бір-бірімен жиі тәжірибе алмасып тұруы қажет екендігін білдіреді. Белгілі бір проблеманы, қиын түйінді мәселелерді шешуге келгенде, олар жұдырықтай жұмылған, епті де бейімделгіш, әртүрлі мүдделер мен көзқарастарды бір арнаға тоғыстыра алатындай болулары керек.

Қорытындылай келе, мықты көшбасшылар контекстуалды интеллектінің алдында тұрған міндеттерді жақсы түсінеді және ішкі дағдыларын соған сәйкес дамытуға тырысады. Бұл сөздің түп-төркіні – төніп келе жатқан трендті алдын ала болжау қабілеттілігі, әрі оған қарсы тұра білу және «нүктелерді шоғырландыру» дегенді аңғартады. Осы қасиет қаншама ұрпақтан бері басшылық үшін қажетті құрал ретінде қызмет етсе, төртінші индустриялық революция қарсаңында жаңа жағдайға бейімделудің және өзіңді өзің сақтап қалудың бірден-бір амалына айналады.

Дербес жұмыстарға арналған тапсырмалар

1. «Ғылым» дефинициясының ағашын жасаңыз. Ол үшін түпкі сөзді анықтаңыз, оның анықтамасын сөздіктерден табыңыз. Содан соң тағы да түпкі сөздерді белгілеңіз, олардың анықтамаларын табыңыз.

2. Зерттеу әдістерінің жіктемесін кестеде бейнелеңіз.



Тәжірибелік тапсырма

1. Ғылыми ақпаратты сақтау тәсілдерінің кестесін төмендегі үлгі бойынша жасаңыз:
 - Ғылыми ақпаратты сақтау тәсілі;
 - Артықшылығы;
 - Кемшілігі.

Бақылау сұрақтары

1. Концептуалды интеллект дегеніміз не?
2. Төртінші индустриалды революцияның болашақ көшбасшылары қандай қасиеттерге ие болуы керек?

Глоссарий

Инновация (лат. Novatio) – жаңару, жаңғыру немесе өзгеру, «in» қосымшасы латын тілінен «белгілі бір бағытқа» дегенді білдіреді. Егер «Innovatio»-ны сөзбе-сөз аударсақ, «өзгеруге бағдар» деуге болады. Бұл термин ғылыми зерттеулерде XIX ғасырда пайда болған. XX ғасырдың басында америкалық ғалым Й. Шумпетер өз еңбектерінде «инновациялық комбинацияларды» талдау нәтижесінде аталған терминді алғаш рет экономикаға енгізіп, жаңа мағына үстеді. Қазақ тілінде осы түпнұсқада қолданылып келеді.

Контекстуалды интеллект – ақыл.

Дихотомия (грек, gicha – екі бөлікке, tome – таралу) – бүтінді екі бөлікке тізбекті бөлу, содан соң әр бөлікті екіге және т.б. бөлу.

Дәріс тақырыбы бойынша қосымша дерекқорлар

1. Matthew R. Kutz, CONTEXTUAL INTELLIGENCE An Emerging Competency for Global Leaders, 2008.
2. Tarun Khanna, Contextual Intelligence, 2014.